



«Бекітемін»
Баршақұм орта мектебінің
директоры м.а. А.Е.Өтегенов

28.08.2024т.

«Келісілді»

Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары Г.С.Шакен

Шакен 28.08.24т.

«Қаралды»

Ә/Б жетекшісі Г.Ғ.Көшімова

Көшімова 28.08.24т.

ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР

Пәні: География

Класы: 10

Мұғалімі: Өтегенов Айдос Ендіғалиұлы

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім беру деңгейінің 10 - 11 - сыныптарында «География» пәніне арналған тақырыптық – күнтізбелік жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығымен енгізілді), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен енгізілді), Қазақстан Республикасы оқу – ағарту министрлігі 2022 жылғы «16» қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «География» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 09 қарашада енгізілді), «2023 – 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу - тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сай құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес «География» міндетті пән болып табылады. *(өзгерістерімен және толықтырулар ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен енгізілді, 6, 87, 88-қосымшалар).*

Оқу жоспарлары бойынша «География» пәнінен оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) ЖМБ, 10-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) ЖМБ, 11-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

Білім алушыларды әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен, олардың ішінен қажетті материалдарды табу, талдау, түсіндіру, бағалау және қойылған мақсатқа жету үшін қолдану. Ақпарат көздеріне байланысты жұмыс түрлерін ұйымдастыру маңызды болып табылады. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында танымдық белсенділікті жандандыру, оқу материалдарына танымдық қызығушылықты қалыптастыруға және дамытуға баса назар аудару қажет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны (АКТ) сабақта қолдану ұсынылады, бұл оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру арқылы оқу сапасына ықпал етеді. АКТ ақпаратты әр түрлі формада беруге мүмкіндік береді: тест, графика, аудио, видео, анимация және т.б.; ауқымдық ақпаратты бөліктерге бөлу, нәтижесінде оқу материалы оқулық мәтініне қарағанда оңай меңгеріледі. Танымдық белсенділікті ынталандыратын, пәнге деген қызығушылықты дамытатын, білім сапасын арттыруға ықпал ететін оқытудың әртүрлі әдістеріне, құралдары мен формаларына ерекше назар аудару керек. Осындай оқыту әдістері мен формаларының қатарына картамен жұмыс, шығармашылық жұмыс, тірек конспектілерді қолдану, нақты тақырыптар мен практикалық жұмыстардан тұратын Өлкетану материалдары негізінде оқу материалын саралау, оқулықтардың (оқулық басылымдарының) электрондық нысандарын, геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) құралдарын, жеке бөлімдерді терең зерттеу мақсатында бейнематериалдарды пайдалану ұсынылады.

«География» пәнін оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру пәннің ерекшеліктеріне байланысты. «География» – табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді бірлікте қарастыратын маңызды пән.

Оқу пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат – Қоғам – Мәдениет» жүйесіндегі жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, табиғи байлықтарды, туған өлкені тануға; Жер, қоршаған орта, табиғат, оның алуан түрлілігінің себептері, халқы және шаруашылық қызметі туралы білімді меңгеруге бағытталған. Оқу пәнінің тәрбиелік әлеуетін іске асырудың үш негізгі бағытын атап өтетін болсақ: олар - оқу материалының мазмұнын таңдау; сабақтың құрылымын жетілдіру; қарым-қатынасты ұйымдастыру.

«География» оқу пәні білім алушыларға әлеуметтік рөл мен болашақ мамандықты таңдауға көмектеседі, оқушы тұлғасының жалпы мәдениетін, оның сауаттылығын қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Пәнді оқу нәтижесінде оқушылардың бойында экологиялық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстанның флорасы мен фаунасын, табиғатын сақтау бойынша практикалық міндеттерді өмірде табысты шешуге мүмкіндік беретін іскерліктер мен дағдылар, құзыреттер қалыптастырылатын болады.

География
10-сынып
(жаратылыстану-математикалық бағыт)
аптасына 2 сағат, жылдық 68 сағат

Р/с	Ауыспалы тақырыптар	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерз.	Еск.
І тоқсан						
1. Географиялық зерттеу әдістері						
1	1.1 Жалпы географиялық әдістер	Зерттеу әдістерінің түрлері	10.1.1.1. зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру, сандық әдістерін қолдану	1	04.09.24	
2		Зерттеу әдістерінің түрлері	10.1.1.1. зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру, сандық әдістерін қолдану	1	06.09.24	
3		Зерттеу әдістерінің түрлері	10.1.1.2 зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолдану	1	11.09.24	
4		Зерттеу әдістерінің түрлері. БЖБ 1	10.1.1.3 зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады.	1	13.09.24	
2. Картография және геоинформатика						
5	2.1 Картография	Заманауи картографиялық әдістер	10.2.1.1 тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану	1	18.09.24	
6	2.2 Геоинформатика негіздері	Географиялық деректер базасы	10.2.2.1 Microsoft Excel бағдарламасының қолданысымен тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру	1	20.09.24	
7		Географиялық деректерді визуализациялау.	10.2.2.2 статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау	1	25.09.24	
8		Географиялық деректерді визуализациялау. БЖБ 2	10.2.2.3 АКТ графикалық редакторларының қолданысымен тақырыптық картасызбаларды жасау	1	27.09.24	
3. Табиғатты пайдалану және геоэкология						
9	3.1 Табиғатты пайдалану	Табиғатты пайдалану түрлері	10.3.1.1 табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну	1	02.10.24	
10		Табиғатты пайдалану түрлері	10.3.1.1 табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау,	1	04.10.24	
11		Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары	10.3.1.2 табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттарын анықтау	1	09.10.24	
12		Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары	10.3.1.2 табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттарын анықтау	1	11.10.24	

13		Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары	10.3.1.3 табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)	1	16.10.24	
14		Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары БЖБ 3	10.3.1.3 табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)	1	18.10.24	
15		Токсандық жиынтық бағалау		1	23.10.24	ТЖБ

II тоқсан

3. Табиғатты пайдалану және геоэкология

16	3.2 Геоэкологиялық зерттеулер негіздері	Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі	10.3.2.1 геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру	1	06.11.24	
17		Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі	10.3.2.1 геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру	1	08.11.24	
18		Геосфералардың ластануы	10.3.2.2 геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу	1	13.11.24	
19		Геосфералардың ластануы	10.3.2.2 геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын зерттеу	1	15.11.24	
20		Геоэкологиялық аудандастыру	10.3.2.3 дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру	1	20.11.24	
21		Геоэкологиялық аудандастыру	10.3.2.3 дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру	1	22.11.24	
22		Геоэкологиядағы антропогендік факторлар	10.3.2.4 табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру және графикалық түрде ұсыну	1	27.11.24	
23		Геоэкологиядағы антропогендік факторлар	10.3.2.5 табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсыну	1	29.11.24	
24		Ғаламдық экологиялық проблемалар	10.3.2.6 ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіру	1	04.12.24	
25		Ғаламдық экологиялық проблемалар	10.3.2.7 геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау	1	06.12.24	
26		Ғаламдық экологиялық проблемалар	10.3.2.8 ғаламдық экологиялық проблемаларды шешудегі әлемдік тәжірибені зерттеу	1	11.12.24	
27-28		Қазақстанның экологиялық проблемалары.	10.3.2.9 Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру	2	13.12.24	18.12
29		Қазақстанның экологиялық проблемалары. БЖБ 4	10.3.2.10. Қазақстандағы экологиялық проблемалардың шешу жолдарын ұсыну	1	20.12.24	
30		Токсандық жиынтық бағалау		1	25.12.24	ТЖБ
31		Қазақстанның экологиялық	10.3.2.10. Қазақстандағы экологиялық проблемалардың шешу	1	27.12.24	

		проблемалары.	жолдарын ұсыну			
III тоқсан						
4. Геоэкономика						
32	4.1 Геоэкономика негіздері	Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	10.4.1.1 геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін түсіндіру	1	08.01.25	
33		Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	10.4.1.2 елдер мен аймақтардың экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің рөлін анықтау (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	1	10.01.25	
34		Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары	10.4.1.3 шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) факторларды талдау	1	15.01.25	
35		Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары	10.4.1.4 дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдау	1	17.01.25	
36		Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы	10.4.1.5 дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу	1	22.01.25	
37		Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы	10.4.1.5 дүниежүзі елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктеу	1	24.01.25	
38		Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері	10.4.1.6 дүниежүзі шаруашылығының аумақтық модельдерін талдау	1	29.01.25	
39		Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері	10.4.1.7 дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	1	31.01.25	
40		Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері	10.4.1.8 дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу	1	05.02.25	
41		Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе	10.4.1.9 дүниежүзі елдерінің экономикалық даму стратегияларына баға беру (қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде)	1	07.02.25	
42		Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер мен индикаторлар	10.4.1.10 Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау	1	12.02.25	
43		Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер мен индикаторлар. БЖБ 5	10.4.1.10 Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау	1	14.02.25	

5. Геосаясат

44	5.1 Геосаясат негіздері	Геосаясаттың өзектілігі	10.5.1.1 геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін, негізгі категорияларын түсіндіру	1	19.02.25	
45		Геосаясаттың өзектілігі	10.5.1.2 негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтау	1	21.02.25	
46-47		Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі	10.5.1.3 дүниежүзінің геосаяси кеңістігін талдау	2	26.02.25 28.02.25	
48		Геосаясаттағы географиялық факторлар	10.5.1.4 геосаясаттағы физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторларға баға беру	1	04.03.25	
49		Мемлекеттік аумақтың морфологиясы	10.5.1.5 мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдау және жіктеу	1	06.03.25	
50-51		Мемлекеттік шекара БЖБ 6	10.5.1.6 мемлекеттік шекаралардың функциясын, түрлерін, анықтау және белгілеу шараларын, динамикасын талдау	2	11.03.25 13.03.25	
52		Тоқсандық жиынтық бағалау		1	18.03.25	ТЖБ
53		Мемлекеттік шекара	10.5.1.7 Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараларының қалыптасу үдерісін, басты көрсеткіштері мен динамикасын зерттеу	1	20.03.25	

IV тоқсан

6. Елтану

54	6.1 Дүниежүзі аймақтары	Кешенді географиялық аудандастыру	10.6.1.1 дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру	1	01.04.25	
55		Кешенді географиялық аудандастыру	10.6.1.2 кешенді географиялық және тарихи-географиялық аудандастырудың өз үлгісін ұсыну	1	03.04.25	
56		Кешенді географиялық аудандастыру	10.6.1.3 дүниежүзінің тарихи-географиялық аймақтарын, олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын шығармашылық түрде ұсыну	1	08.04.25	
57	6.2 Дүниежүзі елдері	Салыстырмалы елтану	10.6.2.1 дүниежүзі елдерін салыстыруда қолданылатын белгілерді анықтау 10.6.2.2 көрсеткіштердің бірі бойынша графикалық түрде дүниежүзі елдерінің рейтингін көрсету (таңдау бойынша)	1	10.04.25	
58		Салыстырмалы елтану	10.6.2.3 жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттау (есепке / бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерінің қолдану аясы)	1	15.04.25	
59		Салыстырмалы елтану	10.6.2.3 жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін	1	17.04.25	

			дүниежүзі елдерінің индекстері мен рейтингтерін сипаттау (есепке / бағалауға алынатын көрсеткіштер, бағалау субъектісі, нәтижелерінің қолдану аясы)			
60		Салыстырмалы елтану	10.6.2.4 жиынтық көрсеткіштер бойынша есептелінетін дүниежүзі елдерінің рейтингтерін графикалық түрде көрсету	1	22.04.25	
61		Салыстырмалы елтану.	10.6.2.5 елдің рейтингте орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында)	1	24.04.25	
62		Салыстырмалы елтану. БЖБ 7	10.6.2.5 елдің рейтингте орналасқан орына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау (таңдау бойынша рейтингтің басында, ортасында және соңында орналасқан үш елдің мысалында)	1	29.04.25	
7. Адамзаттың ғаламдық проблемасы						
63	7.1 Ғаламдық проблемаларды шешу	Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері	10.7.1.1 адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру	1	06.05.25	
64		Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері	10.7.1.2 ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтау	1	08.05.25	
65		Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері	10.7.1.3 ғаламдық проблемалардың себептері мен салдарын анықтап, топтастыру	1	13.05.25	
66		Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері.	10.7.1.3 ғаламдық проблемалардың себептері мен салдарын анықтап, топтастыру	1	15.05.25	
67		Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері. БЖБ 8	10.7.1.4 ғаламдық проблемалардың аумақтық көріністерін анықтау	1	20.05.25	
68		Тоқсандық жиынтық бағалау		1	22.05.25	ТЖБ